

**«6D050300 – Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сарбасова Гульзат Жакеевианың - «Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің даму таланттары мен психологиялық мазмұны» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына реєсми рецензенттің**

**СЫН-ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Сарбасова Гульзат Жакеевианың «6D050300 – Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің даму таланттары мен психологиялық мазмұны» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының бірқатар зандық құжаттары мен мемлекеттік бағдарламаларынан сәйкес келеді.</p> <p>Атап айтканда:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: 1-көсімшә // жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 // 14.02.2022 бұйрығы;</li> <li>- Қазақстан Республикасының Президенті К.Ж. Токаев. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам: Қазақстан халқына Жолдау // 01.09.2022 жыл;</li> <li>- Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылғы 12 казан, №726 // 14.02.2022;</li> <li>- Қазақстан Республикасының «Білімі туралы» 5 Заңы: 2022 жылғы 11 маусымда кабылданды, № 917 (06.03.2023 ж. жағдай бойынша озгерістермен және толықтырулармен);</li> <li>- КР БФМ 31.10.2018 ж. № 604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарты; Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: бекіту. 2019 жылғы 27 желтоқсан, №988. т.б.</li> </ul>

		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен номірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>1)Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаган. Келешекте гранттық каржыландыру бойынша сайысқа ұсынуға болады.</p> <p>3)Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес. Диссертацияның маңыздылығы жеткілікті ашылған. Диссертация бойынша алынған ғылыми нағайелер, жалпы жұмыс мазмұны психология ғылымының теориялық, эксперименттік және тәжірибелік салаларына айтарлықтай үлес қосады. Сарбасова Гульзат Жакеевнаның зерттеу жұмысында әдіснамалық-теориялық негіздерін талдау, тақырыптағы негізгі категория – ЖОО-да болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің дамуын теориялық негіздеу және эксперименттік тексеру мақсатына сәйкес орындалған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган.	Диссертациялық жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады, оның маңыздылығы толық ашылған. Себебі, автор мәселеге катысты теориялық еңбектерді зерделеу арқылы болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұнына катысты теориялық ойларды жүйелеген. Максатты және ариналы жүргізілетін жұмыстар інтижесінде дамушы тұлғаның құрделі құрылымы ретінде «Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны» ұғымының мәні, мазмұны, функциясы нақтыланған, жұмыста беріліп отырған авторлық нұсқадағы анықтама арқылы психология ғылымының терминологиялық ерісі кеңейтілгені сөзсіз. Сонымен катар жоғары оқу орыннандағы болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың моделі әзірленді. «Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың» бағдарламасын дайектеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертациялық жұмысты дайындауда диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары екендігі зерттеу барысында алынған нағайелерден, ғылыми макалалар жазу арқылы ғылымға қоскан үлесімен аныкталды.

			<p>Диссиденттүң өзі жазу деңгейінің дәлелі оның койылған міндеттерді теориялық тұрғыдан отандық және шетелдік галымдар еңбектеріне толық және накты талдау жасап көрсетуі. Жаңа ақпарат көздерімен жұмысы және болашак психологиярдың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны бойынша кешенде зерттеу жүргізу ізденушінің өзіндік ғылыми ұстанымдарындағы бағыттарды айқындауды.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертация өзектілігі негізделген. Карастирылып отырган жұмыс болашак психологиярдың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны бағыттындағы алғашки жұмыстардың бірі. Сондыктан теориялық, тәжірибелік жағынан жұмыстың өзектілігі айқын.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындауды;</li> <li>2) жартылай айқындауды;</li> <li>3) айқындаамады</li> </ol>	<p>Диссертацияның мазмұны атальмыш зерттеу тақырыбын толық айқындауды. Жұмыста зерттеу процесінің барлық негізгі компоненттері келтірілген. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, корытындыдан, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімі мен косымшалардан тұрады. Осыған орай диссертация тақырыбына сәйкес зерттеу жүргізу мүмкіндігі жоғары болған. Сондыктан диссертация мазмұны диссертация тақырыбын үйлесіммен, толымды айқындауды.</p>
		<p>4.3. Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Диссертация тақырыбы мен зерттеу максаты арасындағы өзара шарттастық айқын корінеді. Жұмыстың максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның максаты зерттеудің методологиялық аппаратының кисындылығын; болімдер мен тараулардың тақырыптарындағы зерттеу ерісіндегі әр аспектілердің өзара байланыстырығын; зерттеу иетижелерінің бейнелерін накты көрсетеді. Зерттеу міндеттері зерттеу мақсатына жетуідің алгоритмін айқындауды. Диссертациялық жұмыстың зерттеу мақсаты мен міндеттері өзара байланысты және олар тақырыппен шарттасады және келісіммен сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық болімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық болімдері мен құрылышы логикалық жағынан бір-бірімен толық байланысқан.</p> <p>Зерттеу тақырыбы, методологиялық аппараттары, болімдері мен тармақтарының</p>

	<p>2) жартылай байланыскан; 3) байланыс жок</p>	<p>арасындағы байланыстары және сәйкестіктері диссертациялық жұмыс мазмұнының біртұтас жүйелі сипаттын ашады. Өзара байланысты және өзара тауелді көрсеткіштерді пайдалану, өз нәтижелерін еткей-тегжейлі талдау жұмыстың толымдылығын аша түседі.</p>	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыны талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау әз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Зерттеу проблемасынын бұрын белгілі шешімдерін сыни талдау негізінде докторант өзі логикалық түрғыдан бағалаған жана шешімдерді ұсынады. Алынған нәтижелер автордың негізгі методологиялық ұстанымдарды дұрыс таңдауын; зерттеудің мақсатына, міндеттеріне және болжамына сәйкес келетін бір-бірін толькытрыатын зерттеу әдістерін колдануын көрсетеді. Зерттеудің идеясы болашак психологиярдың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны саяси, экономикалық және басқа бағыттарда жедел дамып жатқан қоғамның жаңа талаптарына сайрапалы ғылыми-психологиялық мамандар даярлау мәселесін тиімді шешуге мүмкіндік береді.</p> <p>Сондыктan Гульзат Жакеевнаның диссертациялық зерттеуіндегі жаңа шешімдер, кагидаттар, әдістер негізделіп, сыны талдау арқылы бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып мазмұндалған.</p>	
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделіп дайындалған. Себебі, ғылыми нәтижелер мен қагидаттар <b>толығымен жаңа</b> болуымен ерекшеленеді. Нактылайық.</p> <p>Болашак психологиярдың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды.</p> <p>«Болашак психологиярдың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны» ұғымының мәні, күрьыштырылған.</p> <p>Болашак психологиярдың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны бойынша күрьыштырылған.</p> <p>Болашак психологиярдың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны айқындалған дидактикалық ерекшеліктері негізінде бағдарлама даярлан, тәжірибелік-эксперименттен откізілді.</p>
	5.2 Диссертацияның	Диссертацияның тұжырымдары <b>толығымен</b>	

		<p>корытындылары жана болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жана;</li> <li>2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);</li> <li>3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</li> </ol>	<p><i>жаңа.</i> Зерттеудің әзірленген теориялық ережелері, тұжырымдары мен ұсыныстарын жоғары оку орнынан кейінгі білім беру беру үдерісін жаңартуда, белгілілікті арттыру жүйесінде колдана алады.</p> <p>Осылай байланысты Гульзат Жакеевнаның диссертациялық зерттеуіндегі жасалған корытындылар толығымен жана болады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <i>жаңа және толығымен негізделген.</i> Бұл жоғары оку орнындағы болашақ психологиялардың эмоционалды икемділігін дамытудың күрылымдық-мазмұндық моделі мен кешенді бағдарламасы нәтижесінде, эмоционалды икемділікти дамыту бағдарламасы «Психологиялардың эмоционалды икемділігі» арналы курсы мен «Эмоционалды икемділікті дамыту» тренинг нәтижесі негізінде расталды.</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <i>жаңа және толығымен негізделген.</i> Бұл жоғары оку орнындағы болашақ психологиялардың эмоционалды икемділігін дамытудың күрылымдық-мазмұндық моделі мен кешенді бағдарламасы нәтижесінде, эмоционалды икемділікти дамыту бағдарламасы «Психологиялардың эмоционалды икемділігі» арналы курсы мен «Эмоционалды икемділікті дамыту» тренинг нәтижесі негізінде расталды.</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	<p>Барлық корытындылар гылыми тұрғыдан караганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және онертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық корытындылары гылыми тұрғыдан алғанда ауқымды <i>дәлелдемелерде негізделіп, диссертантың негізгі нәтижелерін 11 макалада жариялаган.</i> Сонын ішінде Scopus (Скопус) деректер базасына кіретін 1 журналда; Казақстан Республикасы Гылым және жоғары білім министрлігінің Гылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған 4 журналда; халықаралық конференциялар материалдарының 6 жинағында жарияланған.</p>
7.	Корғауга шығарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>7.1 Қагидат дәлелденді ме?</li> <li>1) дәлелденді;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбіді;</li> <li>4) дәлелденбіді?</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) кен</li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген</p>	<p>7.1. Корғауга ұсынған барлық негізгі қагидаттар теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерімен дәлелденген.</p> <p>7.2. Корғауга шығарылған негізгі қагидаттар озіндік тұптықсалық, бірегей жаңашылдық сипатта болғандықтан, <i>тришиалды емес.</i></p> <p>7.3. Корғауга шығарылған негізгі қагидаттар психологияғының өрсінде жаңа методологиялық негіздермен, теориялық сыни талдау тұргысымен, эмпирикалық зерттеу жолдарымен ерекшелінген, <i>жаңа болады.</i></p> <p>7.4. Корғауга шығарылған негізгі қагидаттар болашақ психологиялардың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны бойынша зерттеліп отырған сапасын дамытуға арналған заманауи психологиялық технологиялар мен оқытушын белсенді әдістерін қолдануға, психологиялық тренингтер мен кешенді бағдарлама</p>

		бe? 1) ия; 2) жок	жасалып, дамытуға мүмкіндік беретіндіктен олардың қолдану деңгейлері кең. 7.5. Авторлық статус диссертация мен мақалалар мазмұнынан айқындалады. Осыған байланысты мақалалар деңгейінде де кагидаттық тұжырымдар жасалып, дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама накты жазылған 1) ия; 2) жок	Әдістеменің таңдауы диссертация мазмұнында <i>негізделген</i> және <i>әдістемелік</i> деңгейдегі методология <i>нақты жазылған</i> . Әр әдістеме жеткілікті еткей-тегжейлі сипатталған. Диссертациялық жұмыста келтірілген нағижендердің дұрыстығы мен сенімділігі зерттеудің теориялық және әдістемелік базасымен; оның ішінде зерттеу тақырыбы бойынша іргелі әзірлемелермен; зерттеу бағдарламасының максаттары мен міндеттеріне сәйкестігімен; зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің, сондай-ак, эксперименттік мәліметтерді статистикалық ондеу әдістерінің оңтайлы үйлесімімен дәйектелген.
		8.2 Диссертация жұмысының нағиженері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді ондеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок	Диссертацияның нағиженері заманауи зерттеу әдістері мен мәліметтердің ондеу әдістерін қолдану арқылы <i>алынған</i> . Математикалық зерттеу әдістері қолданылып, нағиженері онделген. Алынған ғылыми-зерттеу нағиженері мен мәліметтер цифрлық технология арқылы сыйба, кесте, диаграмма түрінде ұсынылған.
		8.2 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған озара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нағиженер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок	Диссертация мазмұнындағы теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер арқылы толымды және ғылыми-методологиялық мәдениет тұрғысынан тексеріліп, дәлелденген және <i>расталған</i> . Алынған нағиженер теориялық және тәжірибелік тұрғыда дәлелденген.

		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаган</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер озекті және шыныңы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <i>расталған</i>.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol>	<p><i>Зерттеудің теориялық маңыздылығы</i> бар. Себебі, болашақ психологиярдың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны барысында «эмоционалды күйлер», «өзін-өзі реттеу», «ұстамдылық» ұғымдарының психологиялық түргыда нақтыланған мәні мен оның сипаты ашылған. Болашақ психологиярдың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны айқындалған дидактикалық ерекшеліктері негізінде кешенді бағдарлама жасалған.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алғынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol>	<p><i>Зерттеудің практикалық маңыздылығы жоғары:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- алғынған нәтижелер эмоционалды икемділік деңгейін арттыруға мүмкіндік берді, зерттелетін касиетті дамытуға бағытталған құрылымдық-мазмұндық моделі мен кешенді бағдарламаны жүзеге асыра алды.</li> <li>- болашақ психологиярдың кәсіби қалыптасуына бағытталған тренинг бағдарламаларын қолдана алды.</li> <li>- «Психологияның эмоционалды икемділігі» арнағы курсы, психологиялық тренингтің бағдарламасы білім беру саласындағы психологиярды кәсіби даярлау процесінде олардың эмоционалды икемділігін дамытудың тиімді құралы ретінде кеңінен колдануға мүмкіндік берді.</li> </ul>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болады.</p>

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жогары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыска койылатын талапка сәйкес академиялық жазу сапасы жоғары.
-----	---------------------------	--	---

Шешім:

Сарбасова Гульзат Жакеевнаның 6D050300 – Психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Болашак психологияттардың эмоционалды икемділігінің даму таланттары мен психологиялық мазмұны» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және ҚР Ғылым және жогары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің таланттары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген таланттарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуга лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

«19.00.07-Педагогикалық психология» мамандығы бойынша психология ғылымдарының кандидаты,  
Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеттің,  
Әлеуметтік ғылымдар факультеті,  
«Психология» кафедрасының профессоры м.а.

Ж.К. Аубакирова

